

Астана қаласы әкімдігінің
«Ахмет Байтұрсынұлы
атындағы №48 мектеп-лицей»
ШЖҚ МКК

010000, Астана қаласы
Ж.Жирентаев к., 15/2
тел./факс: +7 (7172) 50-16-56, 50-16-57



ГКП на ПХВ «Школа-лицей
№48 имени Ахмета
Байтұрсынұлы» акимата
города Астана
010000, г. Астана
ул. Ж.Жирентаева, 15/2
тел./факс: +7 (7172) 50-16-56, 50-16-57

«02» 09 2025 № 262

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ


Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту туралы

Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының талаптарын орындау, білім беру ұйымында ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету, педагогикалық әдеп пен заңдылықты сақтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары әзірленсін және бекітілсін.
2. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Т.Ниязбеков сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жауапты тұлға болып тағайындалсын.
3. Педагогикалық ұжым мен қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін.
4. Білім беру қызметтерін көрсету барысында заңсыз ақша жинау, сыйлық алу фактілеріне жол бермеу туралы барлық қызметкерлерге ескертілсін.
5. Ата-аналар комитеттерімен бірлесіп, білім беру үдерісінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілсін.
6. Мектептің ресми ақпараттық ресурстарында (сайт, әлеуметтік желілерде) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың және байланыс телефондарының тізімі орналастырылсын.
7. Әр тоқсан сайын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп алынып отырсын.
8. Барлық педагог қызметкерлер мен мектеп қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын қатаң сақтауға міндеттелсін.

9. Осы жұмыстардың атқарылуына басшылық жасау мен қадағалау жұмыстарын жүргізу директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Ниязбековке жүктелсін.
10. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасауды өзіме қалдырамын.

Директор



Н.Қияқбай

Бұйрықпен таныстым:

А.Ниязбеков

ДА
ІСТ
ШЕ



А.Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша атқарылатын жұмыстар жоспары

р/к	I-шаралар атауы	аяқталу нысаны	орындау мерзімі	орындауға жауаптылар
1	Педагог қызметкерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша жиын өткізу, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру жұмыстары» баяндама	хаттама	қыркүйек	Ғ.Әметбеков, А.Махшар, А.Ниязбеков
2	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу	анықтама	казан	Ғ.Әметбеков, А.Махшар, А.Қушбаева
3	Республика күніне орай «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбына оқушылар арасында суретшілер сайысын ұйымдастыру, 9-11 сыныптар	анықтама	казан	Б.Сейдаханова, көркем еңбек пәні мұғалімдері
4	Ата-аналар жиналысында мектеп қажеттілігі немесе мұғалімдерге сыйлық үшін деп заңсыз ақша жинаудың алдын алу	хаттама	қараша	Ғ.Әметбеков, А.Махшар, А.Ниязбеков, А.Қушбаева
5	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық стендіні жанарту	фотоесеп	қараша	А.Ниязбеков, А.Қушбаева

6	Жоғары сынып оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша «Адалдық сағаттарын» өткізу	сабақ жоспары	желтоқсан	9-11 сынып жетекшілері
7	«Жемқорлық – қоғам дерті» тақырыбында дебат өткізу, 9-11 сыныптар	анықтама	қаңтар	А.Сапарғали
8	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша мектептің Қамқоршылық кеңесімен дөңгелек үстел ұйымдастыру	хаттама	наурыз	Ғ.Әметбеков, А.Ниязбеков, А.Кушбаева
9	«Жемқорлықсыз қоғам» тақырыбына шығармашылық жұмыс байқауы, 9-11 сыныптар	анықтама	сәуір	Л.Ильясова, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
10	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша атқарылған жұмыстарды қорытындылау	анықтама	мамыр	Ғ.Әметбеков, А.Махшар, А.Ниязбеков, А.Кушбаева